



11.06. 2025 жыл

№121

Ноғайты ауылы

**«Сағыз орта мектебі» КММ-нің қызметіне
өзін-өзі бағалау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 20 ақпанмен бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» және 2025 жылғы 21 мамыр күні өткізілген педкеңестің №7 хаттамасының шешімі негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 21 мамырдан 16 маусым аралығында «Сағыз орта мектебі» КММ-нің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру бойынша комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілсін.
 1. Жумагазина.Г-мектеп директоры, комиссия төрайымы
 2. Жангалиева Г-директордың ОІЖ орынбасары
 3. Тайшыбай Қ-директордың ТІЖ орынбасары
 4. Дарбаева Бибигуль Шиншалиевна- әлеуметтік педагог
 5. Аралбай Толғанай Сұлтанғалиқызы-психолог
 6. Есеркепова. Г- информатика пәнінің мұғалімі
 7. Құлмұрат Нұрслан Әбдіханұлы-шаруашылық меңгерушісі

3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін/1-қосымша/
4. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде ҚР Оқу ағарту министрілігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығы басшылыққа алынсын.
5. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2025 жылдың 20 тамыз күні педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжым алдында педагогтарға таныстырылсын.
6. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия жұмыстарының қорытындысы 2025 жылдың 21.05-16.06.2025 жыл аралығында жүргізіліп нәтиже бойынша құжаттар әзірленіп уақытылы 2025 жылдың.

01 қыркүйек күні тиісті мектептің интернет-ресурсна орналастырылсын
[/baiganin-roo.edu.kz/](http://baiganin-roo.edu.kz/)

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды мектеп директоры ретінде өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Г.М.Жумагазина

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс
қамқоршылық кеңесінің
№4 хаттамасы
02 маусым 2025 жыл**

Қатысқан санды-7

Шақырылыған-12(өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сағыз орта мектебінің» КММ директоры Г.М.Жумагазинаның мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бекұлы М-қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібінде қойылыған мәселе бойынша таныстырып, Сағыз орта мектебінде 2025 жылдың 21 мамырынан – 16 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектебіміздің өзі-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Г.М.Жумагазинаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Г.М.Жумагазина- өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес мектебімізде кезектен тыс өткізілген №7 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2025 жылдың 21 мамырынан-16 маусым аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасында тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді.(слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектебіміздің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланады.Мектебіміздің педагогтері мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту тәрбиелу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын

бағалау үшін 4,9 класс оқушыларын онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «Үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді)


Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ж.Айдыновқа мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатын, «Мектеп соңғы үлгідегі сенсорлық тақталардың жоқтығын сөзге тиек етті», сонымен қатар магистрлер санын арттыру керек екенін ескертті.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Бекі Мақсат өзін-өзі бағау жұмыстарына берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті.


Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. «Сағыз орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  М.Бекұлы

Кеңес мүшелері:  Г.Мұқаш

 А.Қидасова

 Н.Көшім


 В.Батырбаева


 С.Ақтаева

 Б.Айғазин

 Г.Тақтанова

 Э.Әбдіғалиева

 А.Бекқали

 А.Саматова

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ
"Сағыз орта мектебі" КММ-нің
№ 8 педагогикалық кеңес хаттамасы**

18 маусым 2025 жыл

Ноғайты ауылы

Күн тәртібінде:

1. "Сағыз орта мектебі" КММ-нің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебін талқылау туралы / Г.М.Жумагазина

Тыңдалды:

Г.М.Жумагазина - мектеп директоры, комиссия төрайымы

1. "Сағыз орта мектебі" КММ-нің 2025 жылдың 28 наурыз күні кезектен тыс өткізілген №5 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Мектеп ұжымының алдына қойылған басты міндет - мектептің атқарылып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу болатын. Ағымдағы жылдың 1 сәуір мен 17 маусым күндері аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" № 486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" № 473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығына қосымша "Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" № 348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді.

Ұжым алдында өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

Сөйлеушілер:

1. Г.Б.Жанғалиева - комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2

параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектеп алды даярлық сыныптарындағы, 1-11 сыныптарындағы жұмысты зерделеп, өзін-өзі бағалау жүргізілді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;
2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылардың "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында ұлттық құндылықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
5. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-18 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы.

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4, 9 кластардан оффлайн форматында тест алынғандығын, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестікті ұсынатын білім беру қызметтерін талдау жолында, әсіресе Kundelik.kz электронды журналында анықталған кемшіліктермен жұмыс жасау керектігін, тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлестерінде пайызымыздың жеткілікті деңгейде болғанымен, білім сапасының төмен екенін айтты.

2. Қ.Р.Тайшыбай – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25-тармағы, 3-қосымша 4-тарау 56-тармағы, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағы бойынша Kundelik.kz электронды журналы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары зерделенді. Мектеп бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын

құжаттардың тізбесінің сақталуын, педагогикалық кадрлармен жасақталуы және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымның 7,8,9,10,11,12 қосымшалары толтырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" № 486 бұйрығының 1-қосымшасындағы "Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына" 2-қосымшасындағы "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттарына" сәйкес 4-қосымша бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып, педагогикалық кеңесте төмендегідей шешім қабылданды:

Шешім:

1. "Сағыз орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес үлгілі (жақсы-40-тан 45 балға дейін) деп бағалансын.
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес үлгілі (үлгілі-55-тен 65 балға дейін) деп бағалансын.
4. Өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп, білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін./ата-аналар, білім алушылар, мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамына/
5. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес құрамының алдында есеп берілсін.
6. Өзін-өзі бағалау есебі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Г.М.Жумагазина

Хатшы:  А.К.Түйебай



**«Сағыз орта мектебі» КММ-нің 21.05.2025 жыл № 7 кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты : 15.00

Қатысқандар-46(педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: Г.М.Жумагазина

Хатшы: А.К.Түйебай

Күн тәртібінде :

1. «Сағыз орта мектебі» КММ-нің 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

/Г.М.Жумагазина./

Тыңдалды:

Мектеп директоры Г.М. Жумагазина Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2025 жылғы 21 мамырдағы №42 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы бұйрығын басшылыққа ала отырып мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылатындығын атап өтті:

1. Білім беру ұйымдарының мақсаты,міндеттері мен құндылықтары;
2. Оқыту мен білім беру
3. Білікті қызметкерлердің болуы
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тиімді оқуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

1. Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне
3. Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне
4. Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш,негізгі орта, жалпы орта ,техникалық

және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген оқу стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары»пайдаланылады.мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

- 1.Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
- 2.«Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2025 жылдың 21.05-16.06 аралығы болып бекітілсін.
- 3.Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
- 4.ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
- 5.Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп ,жоспар құрылып бекітілсін.

Пед.кеңес төрайымы:  Г.М.Жумагазина.
Хатшы:  А.К.Түйебай





«21» мамыр 2025 жыл

№ 116

Ноғайты ауылы

Мемлекеттік аттестаттауды құжат
жинақтауды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің педагогтерді аттестаттау тәртібі туралы талаптарына сәйкес, 2025 жылы өткізілген мемлекеттік аттестаттауға мұғалімдердің құжаттарын уақытылы және толық жинақтау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (Департамент) 2025 жылғы бекітілген қазан айында мемлекеттік аттестаттау өткізуіне байланысты қажетті құжаттарды талапатарға сай жинақтап, белгіленген мерзімде тапсыруды төмендегі мұғалімдерге міндеттелсін.
 1. Жанғалиева Гүлжанар Болатқызы –ОДЖ орынбасары
 2. Тайшыбай Құралбек Рахатұлы- ТЖ орынбасары
 3. Құлмұрат Нұрслан Әбдіханұлы- шаруашылық меңгерушісі
 4. МАД тәрбиешісі- Мұрынбава Марал Сисенқызы
 5. Кітапханашы- Ноғай Нұрзипа Ахметқызы
 6. Информатика пәнінің мұғалімі- Есеркепова Гүлфарида Алдабергенқызы
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Г.М.Жумагазина



таныстым:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.